

"ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

"Қазақстан қор биржасы" АҚ
Басқармасының

2010 жылдың 17 наурызындағы
№ 102 шешімімен

Б е к і т і л г е н

2010 жылдың 01 сәуірінен бастап

Қолданысқа енгізілді

Репо операциялары нарығының индикаторларын есептеу **Ә Д І С Т Е М Е С І**

Алматы қ.

2010

ТҮЗЕТУЛЕР ПАРАҒЫ

1. № 1 өзгерту:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Басқармасының 2010 жылдың 12 мамырындағы № 164 шешімі;
- 2010 жылдың 12 мамырынан бастап қолданысқа енгізілді.

Осы Әдістеме "Қазақстан қор биржасы" АҚ (әріректе – Биржа) есептейтін репо операциялары нарығының индикаторларының тізбесін және осы индикаторларды есептеу тәртібін анықтайды.

1 бап. Жалпы ережелер

1. Осы Әдістемеді Репо операцияларын жүзеге асыру Ережелерінде, сондай-ақ Биржаның басқа да ішкі құжаттарында белгіленген ұғымдар қолданылған.
2. Биржа мынадай репо операциялары нарығының индикаторларын есептейді (бұдан әрі – Индикаторлар):
 - 1) **TONIA**¹ – Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарымен автоматты репо нарығында жасалатын мерзімі бір күндік репоның орта өлшенген пайыздық мөлшерлемесі;
 - 2) **TWINA**² – Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарымен автоматты репо нарығында жасалатын мерзімі жеті күндік репоның орта өлшенген пайыздық мөлшерлемесі.
3. Осы Әдістемеді қолданылған терминдер Биржаның басқа ішкі құжаттарында, Биржаның қызметтік құжаттарында және биржалық ақпараттарда қолданылуы мүмкін.
4. Осы Әдістемеге енгізілетін өзгертулер және/немесе толықтырулар қолданысқа енгізілер алдында 7 күн бұрын Биржаның ресми Интернет-сайтында орналастырылуы (жариялануы) тиіс.

2 бап. Индикаторларды есептеудің жалпы шарттары

1. Индикаторларды есептеу, Биржаның репо операциялары бойынша әр бір сауда-саттық күні бойы, репо ашылу мәмілелері жасалуына қарай, жүзеге асырылады. Индикатордың әр бір жаңа мағынасын есептеу, тиісті қаржы құралымен әр бір репо ашылу мәмілесі жасалғаннан кейін, іске асырылады³.
2. Индикаторлардың мағыналарын математикалық дөңгелектеу ережелеріне сәйкес (беске дейінгі сандар нөлге, ал бес және бестен жоғары сандар онға дейін) дөңгелектеп, үтірден кейінгі екінші таңбасына дейін дәл көрсетіп, Биржа жариялайды.
3. Егер сауда-саттық күні бойы, параметрлері қандай да бір Индикаторды есептеуге қажет, мәмілелер болмаса, осы күні Индикатордың есептеуі жасалмайды.
4. Индикаторлар мағыналарының қаржы нарығының объективті сипаттамаларына дәлдігін қамтамасыз ету үшін, аталған мағыналарды Биржаның Тәуекелдік комитеті түзетуі мүмкін. Осындай түзетулердің шарттары мен тәртібі осы Әдістеменің 5 бабында анықталған.

3 бап. TONIA индикаторын есептеу

TONIA индикаторы, Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарымен автоматты репо секторында жасалатын мерзімі бір күндік репо операцияларының барлық ашылу мәмілелерінің параметрлері негізінде 2010 жылдың 01 қаңтарынан бастап, индикаторды есептеу күнінде индикаторлы есептеу сәтіне, келесі формуламен, есептеледі⁴:

¹ Ағылшын тілінен "Tenge OverNight Index Average".

² Ағылшын тілінен "Tenge Week INdex Average".

³ TONIA үшін - REPO_KZT_001 және TWINA үшін - REPO_KZT_007

⁴ 2001 жылдың 01 қыркүйегінен бастап 2009 жылдың 31 желтоқсанына дейін TONIA индикаторы, Ақшалай нарық индикаторын есептеу Әдістемесіне сәйкес, Биржаның әр бір сауда-саттық күнінің соңында есептелінген.

$$Y = \frac{\sum_{i=1}^n (V_i \times Y_i)}{\sum_{i=1}^n V_i}, \text{ мұнда:}$$

Y – орта өлшенген репо мөлшерлемесі, жылдық %;

V_i – репо операциясы ашылу i -лік мәмілесінің көлемі, теңге;

Y_i – репо операциясы ашылу i -лік мәмілесі бойынша репо мөлшерлемесі, жылдық %;

n – репо операцияларының ашылу мәмілелерінің саны.

(Осы бап Биржа Басқармасының 2010 жылдың 12 мамырындағы шешімімен өзгертілді).

4 бап. TWINA индикаторын есептеу

TWINA индикаторы 2010 жылдың 01 қаңтарынан бастап, Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарымен атоматты репо секторында мерзімі жеті күндік репо операцияларының барлық ашылу мәмілелерінің параметрлері негізінде, индикаторды есептеу күнінде индикаторды есептеу сәтіне, осы Әдістеменің 3 бабында берілген формуламен, есептеледі.

5 бап. Биржаның Тәуекелдік комитетінің Индикаторларға қатысты айрықша өкілеттілігі

1. Биржаның Тәуекелдік комитеті Индикаторлардың мағыналарын, оның пікірі бойынша, осы мағыналарға репрезентативті емес ықпал ететін (ықпал еткен) (мысалы, техникалық қателермен жасалып, орындалмаған мәмілелердің бағалары нарықтық жағдай және/немесе тиісті бағалы қағаздардың нарықтық динамикасымен диссонансқа ұшыруы айқын) параметрлерді есептеулерден алып тастап, түзетуге құқылы.

Егер Тәуекелдік комитет есептеуден қандай да бір мәміленің немесе өтінімнің (мәмілелердің немесе өтінімдердің) қандай да бір параметрлерін Индикатордан алып тастау туралы шешім қабылдаса, осы Индикатордың тиісті қайта есептеуі, осы индикатордың репрезентативті емес мағынасы алынған күннен кейінгі келесі жұмыс күнінен кешіктірмей жасалады.

2. Биржаның Тәуекелдік комитеті өзінің айрықша өкілеттілігін пайдаланғанда, оның отырысының хаттамасында аталған өкілеттілікті пайдалану себептері және осыға сәйкес іске асырылған шаралары көрсетілуі тиіс.

Президент

Қ.Қ.Дамитов